

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жаны ашып үйретуге немесе пайда көрме?

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/144969/

Көбіміз білеміз қазіргі таңда көптеген блогерлердің және жұлдыздардың аталмыш трейдинг , курстары халық арасында белең алуда.

Толығырақ айтсақ олардың осындай жақсы өмірге қалай келуі, қалай бизнес ашуға болады, ақша потоғы қайдан келеді деген сонымен қатар енді біреулері отбасыдағы қарым-қатынасты, бала кезден қалған әкеге немесе анаға деген травманы емдеуді және жігітіңізбен қарым-қатынаста қалай дамытамын деген секілді ауыз толтырып айтарлық курстар көпті. Екінің бірі курс пен сабақ ,семинар өткізіп нәпәқа табады.

Менің ойымша бұл әр адамның өз өмірінде өзінің тәжіребиесінде қолданып жетістікке жеткен әдісін басқаларға үйретуі яғни мен бұны бизнес деп ойлаймын.Өйткені менде бұл курстарды сатып алып оқып ешқандай нәтиже көрмеген біраз адамдарды көргенмін. Әрине мен білмейтін нәтижеге жеткен адамдар бар шығар, бірақ ол барлық адамның тәжіребиесінде пайдаға аспайды деп ойлаймын. Аллаһ біздің әрқайссымыздың басымызға өзімізге жетерлік нығыметті беріп қойған яғни, әр адамның өзінің басындағы бағына байланысты.

Енді курстардың бағалары туралы айтсақ

халыққа қол жетімсіз баға, әрине бренд киініп, шетел аралап жүрген табысты блогерлердің өміріне қызыққан халықтың курсты сатып алудан басқа шарасы не?

Мамандардың айтуы бойынша жария қылған байлықтың оқырмандарға психологиялық кері әсерін білдіреді екен.

Бірақ бұл депрессияны немесе психологиялық ауытқуларды тудырады деп айта алмаймыз. Дегенмен мұндай жария байлықтың салдары оқырмандарға келесідей әсер етуі мүмкін. Біріншіден, еріксіз туындайтын қызғаныш, яғни, блогердің сәнді өмір салтын көріп, оқырмандары оның жетістігі мен материалдық әл-ауқатына қызғаныш сезінуі мүмкін. Екіншіден, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, яғни, өзін бай және табысты болып көрінетін блогердің өмірімен өз өмірі мен жетістіктерін салыстырғанда, өзінің күйін теріс бағалауға әкелуі мүмкін. Үшіншіден, депрессияға апару, кейбір адамдар үшін

идеалдандырылған әлеуметтік медиа өмір салтына үнемі әсер етуі депрессияға немесе мазасыздыққа ықпал етуі мүмкін. Яғни, өміріндегі өз табысының түкке тұрғысыз екендігін еске салып тұрады. Дегенмен, барлық оқырманда бұл жағымсыз эмоциялар бола бермейтінін ескеру маңызды. Көптеген адам блогердің контентін ойын-сауық пен шабыттандудың бір түрі ретінде ұнатады. Сондықтан әркімнің өміріне қызықпай, өз алтын уақытыңызды керексіз дүниелерге құртпай, өз өміріңізді бағалаңыз. Әр адамның өзінің несібе байлығы бар, әрекет етсеңіз , берекетін беретін Алла. Бір сәтке ойланып болашағыңызды жоспарлаңыз!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.